

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚҰЖАТ
ДАЙЫНДАУДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН
ТІЛДІК НОРМАЛАР БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Астана қаласы, 2024 жыл

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты;
- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі.
- Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

2. ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарудың жоғары органдарының атауларындағы барлық сөздер бас әріппен жазылады.
Мысалы:

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
 Қазақстан Республикасы Парламенті
 Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
 Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі
 Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі
 Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы
 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
 Қазақстан Республикасы Үкіметі
 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі

2. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, министрліктер департаменттерінің, басқа да республикалық мекемелердің атауларындағы бірінші сөз бен атауының құрамына кіретін жалқы есімдер бас әріппен жазылады. *Мысалы:*

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
 Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
 Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы
 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті
 Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Заңнама және құқықтық сараптау бөлімі
 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот әкімшілігі комитеті
 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
 Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасы
 Үкіметтің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі өкілдігі
 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Есептілік және статистика департаменті.

Министрлік, агенттік деген сөздер сөйлем ішінде жеке өзі келетін болса, кіші әріппен жазылады, мысалы: Көрсетілген министрлік туралы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 358 қаулысымен бекітілген.

3. ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ, АТАҚТАР МЕН ДӘРЕЖЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Жоғары мемлекеттік лауазымдардың атаулары бас әріппен жазылады. Мысалы:

*Қазақстан Республикасының Президенті
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы
Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы
Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі*

2. Жоғары лауазымдардың атаулары көпше түрде кіші әріппен жазылады. Мысалы:

*мемлекет басшылары
Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілері
министрлер, агенттіктердің төрағалары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылары*

3. Жергілікті өкілді және атқарушы билік органдары, басқармалар мен бөлімдер басшылары лауазымдарының атаулары кіші әріппен жазылады. Мысалы:

*Кеңесте Астана қалалық мәслихаты төрағасының сөзі тыңдалды.
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне депутаттыққа жасы жиырмаға толған Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.
Облыс (қала) әкімінің шешімімен қабылданды.
Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың әкімдерін Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды.
Әкімдіктің отырысында Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасарының баяндамасы тыңдалды.
Астана қаласы әкімінің аппараты энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі.*

4. Бірқатар лауазымдар мен құрметті атақтардың атаулары кіші әріппен жазылады. Мысалы:

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары*

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті
 Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі
 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер
 комитетінің төрағасы
 «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының президенті
 Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының бас ғалым-
 хатшысы
 Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің
 профессоры

5. Шет елдер мен халықаралық ұйымдардағы лауазымдар мен дәрежелердің атаулары кіші әріппен жазылады. Мысалы:

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы
 БҰҰ-ның бас хатшысы
 Француз Республикасының президенті
 Қытай императоры
 Ұлыбритания патшайымы
 Литва Республикасының премьер-министрі
 Германия Федеративтік Республикасының канцлері

6. Жоғары дәрежелі құрметті атақтардың әрбір сөзі бас әріппен жазылады. Мысалы:

Халық Қаһарманы
 Кеңес Одағының Батыры.

4. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР, МЕКЕМЕЛЕР, КӘСІПОРЫНДАР, ШЕТЕЛДІК ФИРМАЛАР АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Жалпылама сипаттағы халықаралық ұйымдар мен мекемелердің атауындағы барлық сөздер бас әріппен жазылады. *Мысалы:*

*Дүниежүзілік Бейбітшілік Кеңесі (ДБК)
Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД).*

2. Жалпылама сипаты жоқ халықаралық ұйымдар мен мекемелердің атауындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады. *Мысалы:*

*Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)
Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)
Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАзЭҚ)
Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ)
Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ).*

3. Сыртқы байланыстарды жүзеге асыруда қызмет ететін дипломатиялық лауазымдар мен ұйымдардың бірінші сөзі бас әріппен жазылады. *Мысалы:*

*Бас консулдық
Сауда өкілеттігі
Сыртқы байланыстар жөніндегі өкіл.*

5. МӘДЕНИ МЕКЕМЕ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. Мемлекеттік мекемелердің, академиялардың, оқу орындары мен мәдениет мекемелерінің атауындағы бірінші сөз бен жалқы есім бас әріппен жазылады. *Мысалы:*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ ұлттық музыка академиясы
Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театры (театрлардың атауындағы бірінші сөз, мекенжайын көрсету-көрсетпеуіне, жіктелу ұғымын белгілеу-белгілемеуіне қарамастан) бас әріппен жазылады.*

*Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры
Күләш Байсейітова атындағы Опера және балет театры
Қазақстан Республикасының Қазіргі заманғы өнер мұражайы (бұл да театрлар атауларын жазу сияқты ереже)
Мемлекеттік Опера және балет театры
Мәдениет үйі, Офицерлер үйі (үй сөзі жалпы есім ретінде қолданған кезде кіші әріппен жазылады: демалыс үйі, қарттар үйі, мүгедектер үйі).*

2. Қоғамдық ұйымдар мен шығармашылық одақтар атауындағы бірінші сөздер және атауына кіретін жалқы есімдер бас әріппен жазылады.

Мысалы:

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Қазақстан Жазушылар одағы
Қазақстан журналистер одағының басқармасы.*

3. Мемлекеттік сөзі мынадай атауларда бас әріппен жазылады. Мысалы:

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны.*

4. Барлық саяси партиялардың атауларындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады. Мысалы:

*«Отан» республикалық саяси партиясы
Қазақстанның Аграрлық партиясы
Қазақстанның Азаматтық партиясы*

Ескертпе. Ресми атау сипаты жоқ кейбір осыған ұқсас атаулар кіші әріппен жазылады, мысалы: АҚШ-тағы республикалық және демократиялық партиялар, Англиядағы консерваторлар партиясы, лейбористік партия, социал-демократтар партиясы.

5. Кәсіпорынның немесе мекеменің шартты атауындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылып, атаудың бәрі тырнақшаға алынады. Кәсіпорынның немесе мекеменің шартты атауына кірмейтін, оның мамандануын немесе географиялық орнын сипаттайтын сөздер кіші әріппен жазылады. Мысалы:

*«Талап» акционерлік қоғамы
«Жиһаз» холдингтік компаниясы.
«Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы»
ашық акционерлік қоғамы
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» жабық акционерлік
қоғамы.*

6. Егер мәдени шара, көрме, жиын атауларындағы сан есім рим цифрымен жазылса, одан кейінгі сөз бас әріппен жазылады. Мысалы:

*IV Форум
XXVIII Олимпиадалық ойындар*

6. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ РЕСІМДЕУ ҮЛГІСІ

1. Негізгі нормативтік құқықтық актілер атауларының құрамына кіретін бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады. Мысалы:

Қазақстан Республикасының *Жер және Су кодекстері*

«Мемлекеттік функциялар мен бюджетаралық қатынастарды орталықсыздандыру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің *Жарлығы* (егер құжаттың атауы болмаса, *жарлық* деген сөз кіші әріппен жазылады. *Мысалы:* Президент *жарлығын* дайындауға әртүрлі салалардың мамандары, ғылыми мекемелер мен ғылыми қызметкерлер тартылуы мүмкін).

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының *Заңы*

2. Мынадай сөздер кіші әріппен жазылады: өкім, қаулы, заңнама, хаттама, бұйрық, шешім. Мысалы:

Қазақстан Республикасы Президентінің *өкімі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің *қаулысы*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің *өкімі*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының *қаулысы*

Қазақстан Республикасының қолданыстағы *заңнамасы*

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің *қаулысы*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет Аппараты Басшысының *бұйрығы*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мәжілісінің *хаттамасы*

Мәслихаттың нормативтік құқықтық *шешімі*

Астана қаласы әкімінің *шешімі*

3. Бағдарламалардың, халықаралық шарттардың, келісімдердің, конвенциялардың, сондай-ақ делегациялардың, комиссиялардың атауындағы бірінші сөз бен жалқы есімдер бас әріппен жазылады:

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының және Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын ресімдеу жөніндегі нұсқаулық

Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясы

Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссия

Мемлекеттер арасында жасалатын келісімдерде, шарттарда келісімдердің, шарттардың атауы «арасындағы» деген сөзден кейін келетіндіктен, келісімнің, шарттың негізгі атауы ретінде одан кейінгі сөз бас әріппен басталады:

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Чех Республикасы Үкіметі арасындағы *Экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім*

Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасы арасындағы *Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты конвенция*

7. РЕСМИ ЖАЗЫЛЫМ БАРЫСЫНДА ЕСКЕРІЛЕТІН ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМАЛАР

1. Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі л әрпінен кейін жазылатын сөздерге қазақ тілінің жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды: **материальный** – материалдық т.б.

2. Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде л-дан кейін жіңішкелік белгісі келетін сөздерде бұл белгі сақталады: **моральный** – моральдық, **акварельный** – акварельді.

3. **Цифрмен жазылған есептік, бөлшек сан есімдерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалардың жуан-жіңішкелігі цифрмен белгіленген санның айтылуына қарай болады:** 10-ды 2-ге көбейт (онды екіге). Оқушылардың 20-сы экскурсияға кетті (жиырмасы). Жолдың 1/5-іне келіп қалдық (бестен біріне).

4. **Пайызды (%), градусты (°) белгілейтін таңбалары бар сөздерге қосымша пайыз, градус деген сөздердің соңғы буынының әуенімен (пайыз сөзіне жуан, градус сөздеріне жуан) жалғанады:** қызметтің 90% – ын «Жоспарлы-экономикалық» бөлім атқарды немесе 90%-ға жасалды. Қаңтардың аязы 40°-қа дейін барды.

5. **см, мм, км, га сияқты қысқарған белгілерге жалғанатын қосымшалар да дефис арқылы жазылып, осы белгілер таңбалайтын сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады:** Ұзындығы 10 см-ге (он сантиметрге) жуық сызық сызындар. 20 км-ден (жиырма километрден) астам жер жүрдік. 500 га-ға жуық жер жыртылды (500 гектарға).

7. Күрделі атаулардан қысқарған сөздерге жалғау соңғы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай қысқарған түріне жалғанады. Мысалы, *БҰҰДБ-ға /Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасына/, БСҰ-дан /Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымынан/, ЕЭҚ-ға /Еуропалық экономикалық қауымдастыққа/ т.б.*

8. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы,-інші жұрнағының орнына дефис қойылып, рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: 20-ғасыр/ XX ғасыр, 10-мектеп, 5-қатар, 10-том/ X том т.б.; – күн, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен жазылса да, дефис қойылмайды; 2001 жыл, 26 ақпан т.б.;

9. Құрамында сан есімдері бар күрделі зат есімдер былайша жазылады: 150 жылдық, 80 жылдық т.б. Ескеретін жағдай: аз сан /онға дейінгі/ кезінде сан есімдер сөзбен жазылады: бес пайыздық, үш күндік т.б.; – Үкімет қаулылары жобаларының мәтіндерінде ақшалай соманы белгілеу сандық нысанда жазылып, сөзбен толықтырылады: 4358000 (төрт миллион үш жүз елу сегіз мың) теңге; – құжат мәтіндерінде өлшем бірлігі атаулары толық жазылады: 5 мың метр, 16 тонна т.б.

8. ТЕКТЕР МЕН ЕСІМДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

1. «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 ақпандағы № 2923 Жарлығына сәйкес:

Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай «ұлы» немесе «қызы» сөздері қосылып, бірге жазылады.

2. Қазақ тілінде адамның инициалы қосымшаның жалғануы немесе жалғанбауына қарамастан, тегінің алдында жазылады. Мысалы: Ж.С. Жанғазы, Б.С. Ахметоваға, Ж.Ш. Нұрғалиевке, сонымен қатар, адам атының, әкесінің атының қысқартылып алынған әрпін тегінен бөлек, екінші жолға шығарып тасымалдауға болмайды.

3. Адамның аты-жөні (көбінесе өз есімі мен әкесінің аты) қысқартылып, бас әріппен белгіленгенде, әрбір әріптен кейін нүкте қойылады: *А.С. Пушкин, М. Горький, М.О. Әуезов, С. Мұқанов.*

4. Ресми құжаттарда атын, әкесінің атын, тегін мемлекеттік тілде толық ресімдеу кезінде септік жалғау субъектінің тек тегіне ғана жалғанады, аты мен әкесінің аты тегінің алдында атау септікте (кез-келген құжаттың мәтінінде) қолданылады. Мысалы, қызметтік хатта:

Персоналды басқару бөлімінің бас маманы Арман Болатұлы Жандосовты Астана қаласындағы «Сенім» АҚ филиалына тоқсандық есеп жасау үшін тәжірибелік көмек көрсету мақсатында 2021 жылғы 12-16 тамыз аралығында 5 күнге қызметтік іссапарға жіберуіңізді сұраймын.

5. Қазақ тектеріндегі әкесінің атын білдіретін «ұлы», «қызы» сөзі бірге жазылады.

Мысалы: Бауыржан Момышұлы, Балғабек Қыдырбекұлы, Жазира Смаханқызы.

6. Қазақ тілінде барлық тектер септеледі. Мысалы:

Атау септігі (кім, не?) – Бауыржан Момышұлы

Ілік септігі (кімнің, ненің?) - Бауыржан Момышұлының

Барыс септігі (кімге, неге?) -Бауыржан Момышұлына

Табыс септігі (кімді, нені?) - Бауыржан Момышұлын

Жатыс септігі (кімде, неде?) - Бауыржан Момышұлында

Шығыс септігі (кімнен, неден?) - Бауыржан Момышұлынан

Көмектес септігі(кіммен, немен?) - Бауыржан Момышұлымен

9. ҚЫЗМЕТТІК ХАТ МӘТІНІНДЕГІ САНДАР МЕН ДАТАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМЫ

1. Қызметтік хат мәтініндегі күрделі сан есімнің әрбір сыңары бөлек жазылады. Мысалы: *Бір жүз бір мың, жиырма тоғызыншы* және т.б.

2. Санмен жазылған сан есімдерге жалғау дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *Ол 25-ке толды, 12-ден 15-ке дейін* және т.б.

3. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) жазылады, рим цифрымен берілсе, тыныс белгісі (дефис) қойылмайды. Мысалы: *5-санат, 23-қатар, 136-мектеп, XX ғасыр, III том, 100-деген, 1000-дап, сағат 5-терде, он-оннан, 10-15-тен* және т.б.

4. Ай атауларымен және *жыл, ғасыр, қаулы, заң сияқты* сөздермен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, дефис қойылмайды. Мысалы: *1998 жыл, 18 желтоқсан* және т.б.

5. Сан есімдер санмен жазылғанда, оларға қосылатын қосымшалар үндестік заңына сәйкес дефиспен жазылады. Мысалы: *100-деген (жүздеген), 40-тарда (қырықтарда), 10-дап (ондап)* және т.б.

6. Құрамында сан есімдері бар күрделі зат есімдер мен анықтауыштар былайша жазылады: *150 жылдық, 80 жылдық, 1000 километрлік, екі күндік, үш күндік, төрт мәнді, бес пайыздық, сегіз еселік* және т.б.

7. Үкімет қаулылары жобаларының мәтіндерінде ақшалай соманы белгілеу сандық нысанда жазылады және сөзбен толық жазып толықтырылады.

Мысалы: *Үкіметтің резервінен 4358265 (төрт миллион үш жүз елу сегіз мың екі жүз алтыс бес) теңге бөлінсін.*

8. Теңгемен және тиынмен берілген ақша үлгісін қысқартпай толық жазу керек. Мысалы: *400 теңге 50 тиын.*

9. Құжаттардың мәтіндерінде өлшем бірлігінің атауларын толық жазу ұсынылады. Мысалы: *5 мың метр, 16 центнер, 20 млн. тонна*, ал қосымшаларда қысқаша: *5 мың м, 16 ц, 20 млн. т.*

10. Ресми-іскери мәтінде *жыл және жылдар* деген сөздер толық жазылады, қысқартылмауға тиіс. Мысалы: *Қазақстан Республикасының Президентінің Польша Республикасына сапары 2002 жылғы 23 – 26 мамырда өтті.*

11. Аса маңызды тарихи дәуірлердің, уақиғалардың, мерекелердің атаулары бас әріппен жазылады. Егер олардың атаулары күрделі болса, бірінші сөзі және кейбір атаулардың алдында келетін ұлы сөзі, *бірінші мамыр, сегізінші наурыз* дегендердің алғашқы сөзі санмен келсе, *мамыр, наурыз* деген сөздер бас әріппен жазылады.

Мысалы: *Ұлы Отан соғысы, Бірінші мамыр, 1 Мамыр, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл.*

12. Сан есімдерден (сандардан) кейін көптік жалғау жалғанбайды: *5 адам, 30 орындық.*

10. ҚЫЗМЕТТІК ХАТ МӘТІНІНДЕГІ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМЫ

1. Қосымшалар қазақ тілінің төл сөздеріне буын үндестігі бойынша сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың айтылуына қарай жуан немесе жіңішке жалғанып, естілуінше жазылады.

Қазақ тілінің бұл заңдылығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында жүргізілетін іс қағаздары жазылымында да, оның ішінде қызметтік хат мәтінінде де қатаң сақталады.

Алайда қазақ тілінің сөздік құрамын толықтырушы кірме сөздерге немесе қазақ әліпбиінде жоқ әріптерге, не болмаса қатар келген бірнеше дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге және сол сияқты ескеруді қажет ететін сөздерге қазақ тілі қосымшалары төмендегідей жалғанады:

1. -ов (ова), -ев (ева), ин (ина) жұрнақтары арқылы жасалған адамдардың тегіне қазақ тілі қосымшалары түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Айтматовқа (Айтматқа), Жүсіповке (Жүсіпке), Нұрышевқа (Нұрышқа) Абдуллинға (Абдоллаға) және т.б.*

2. Соңғы буынында у дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жуан жалғанады: *курс+қа, институт+қа, автобус+қа, минут+тық және т.б.*

3. Орыс тілінен енген к, г дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай жалғанады: *физик+тер, маяк+қа, бамбук+тың және т.б.*

Ескертпе: *ог, уг* дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: *педагогке, педагогі, педагогтік, округтік, округі және т.б.*

4. Кль, брь, бль тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге және жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады: *ансамбльге, тюльді, тюлі, оське, осінің, тканьге, ткані, княздік, князі, верфьке және т.б.*

5. Соңғы буынында (не бір буынды сөздің өзінде) и дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *магнит+тік, синтаксис+тік, Маяковский+ге және т.б.*

6. Жіңішкелік белгісіне (ь) аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жуан немесе жіңішке формада жалғанады: *фестиваль+ға, модульдік және т.б.*

7. Орыс тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі л әрпінен кейін жазылатын сөздерге қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда, жіңішкелік белгісі жазылмайды: *материальный – материалдық, феодальный – феодалдық, коммунальный – коммуналдық, патриархальный – патриархалдық және т.б.*

Ескертпе: Жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде л-дан кейін жіңішкелік белгісі келетін сөздерде бұл белгі сақталады: *моральный – моральдық, артельный – артельдік, акварельный – акварельді және т.б.*

Ескертпе: *Ль* дыбыстарына аяқталатын сөздерге тәуелдік жалғауы (яғни дауыстыдан басталатын қосымшалар) тек жіңішке формада ғана жалғанады: *фестиваль+і – фестивалі, магистраль+і – магистралі, ткань+і – ткані және т.б.*

7. Соңғы екі дауыссыз дыбыстың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жуан не жіңішке жалғанады: асфальт+қа, асфальт+тың, рельс+ке, рельс+тің және т.б.

8. Соңғы буынында ю, ё, э дауысты дыбыстар келетін орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: полюс-ті, полюс-ке; шлюз-ді, шлюз-ге; дюйм-ге, дюйм-і, парашют-ке, парашют-тер, парашют-і, актёр+лер, актёр-ге, дуэль-ге, дуэт-ке, дуэт-і және т.б.

9. Нд, нз, нк, нг, мп, мб, мт, кт, ск, вт, фт, пт дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары і дәнекер дыбысы (әрпі) арқылы жалғанады: ценз+і+ге, ценз+і+сі, танк+і+ге, танк+і+лер, франк+і+сі, митинг+і+ге, шланг+і+сі, ромб+ы+ға, ромб+ы+сы, объект+і+ге, объект+і+сі, лифт+і+мен, факт+і+сі және т.б.

10. Қатар келген дауыссыз дыбыстар тіркесінің қалған түрлеріне (нс, рс, рт, ри, нт, рд, рм, фр, рк және т.б.) аяқталған кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары ы, і дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша тікелей жалғанады: аванс+ы, цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, хлороформ+ға, фунт+қа, формант+тар және т.б.

11. Сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, сөздің соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады: кросс+қа – кросқа, кросс+ы – кросы, класс+қа – класқа, металл+ды – металды, металл+ы – металы, грамм+дық – грамдық, грамм+ы – грамы, киловатт+қа – киловатқа, съезд+ге – съезге, съезд+і – съезі, ведомость+қа – ведомосқа және т.б.

12. Бірдей қос дыбысқа аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, қос әріп сақталып жазылады, тек қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы түбірдегі қос дыбыспен бірдей болғанда ғана үш біркелкі әріп жазылмай, екеуі ғана жазылады: кросс+қа – кросқа, кросс+ы – кросы, металл+ды – металды, грамм+ды – грамды, гримм+ге – гриммге, гримм+ді – гриммді, покрасс+қа – покрассқа, Кирилл+ге – Кириллге, Филипп+тің – Филипп+тің, Донбасс+қа – Донбассқа және т.б.

13. -мен (-бен, -пен), -паз, -қор, -қой, -нікі (-дікі, -тікі), -гер, -кеш, -гөй, -хана, -тал, -дар қосымшалары сөздің соңғы буынының жуан жіңішкелігіне қарамай, көрсетілген түрлерінде жалғанады: жеңімпаз, пайдақор, саудагер, жүлдегер, ақылгөй, халықтікі, мемлекеттікі, ұғымтал, хабардар, шеберхана және т.б.

14. Ә әрпіне аяқталған немесе соңғы буынында ә әрпі жазылған сөздерге қосымша жуан жалғанады: *кінәлау, күнәсыз, күнәға, күмәндану* және т.б.

15. Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылуына қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылуына қарай жуан немесе жіңішке жалғанады және дефис арқылы жазылады: *АҚШ+қа, ЮНЕСКО+ның, Қазақстан – 2030-дың* және т.б. (Қазақ тілі қосымшаларының қысқарған сөздерге жалғану үлгісі тарауша соңында кесте түрінде қосымша берілген).

16. Цифрмен жазылған есептік, бөлшек сан есімдерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалардың жуан-жіңішкелігі цифрмен белгіленген санның айтылуына қарай жазылады. Мысалы: Диссертация авторефераты ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне 2009 жылғы қыркүйектің 30-ында жіберілді.

17. Пайызды (%), доллар (\$), еуро (€) валюта белгілерін және тағы басқаларды белгілейтін таңбалары бар сөздерге қосымша *пайыз, доллар, еуро* және тағы сол сияқты сөздердің әуені бойынша жалғанады: *топтың 70 %-ы жақсы оқиды (жетпіс пайызы)* және т.б.

18. *см, мм, км, га* сияқты қысқарған белгілерге жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылып, осы белгілер таңбалайтын сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: 1000 га-ға жуық жер жыртылды (1000 гектарға жуық), 1 км-ге жетті (1 километрге жетті) және т.б.

19. Қосымшалар дыбыс үндестігі бойынша не қатаң, не ұяң, не үнді дауыссыздан басталып жалғанады: *ұлт+тық, қағаз+ға* және т.б.

Ескертпе: 1. *П, х* дыбыстарына аяқталатын орыс тілінен енген сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда, *п, х* дыбыстары ұяңдамайды: *тип+i – типі, групп+i – группі, цех+ы – цехы* және т.б.